

Болгария Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі N 701 Қаулысы

2006 жылғы шілдеде Болгарияның Қара теңіз жағалауында болған дүлей апаттың салдарын жою үшін Болгария Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне заңнамада белгіленген тәртіппен Болгария Республикасына ізгілік көмек көрсету үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 100000 (бір жүз мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты Болгария Республикасының Үкіметі белгілеген арнайы шотқа аударуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі